

Кульбаева Б.С.

**Этнопедагогикалық негізде
бастауыш сынып оқушыларын
еңбексүйгіштікке
тәрбиелеу моделі**

Мақалада халқымыздың ғасырдан ғасырға жинақталған еңбек тәжірибесін ұрпақ санасына сіңіру, этнопедагогикалық негізде жеткіншектерді жас кезінен бастап еңбекке, қоғамдағы өмірге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мәселесінің моделін жасау қарастырылған. Еңбек тәрбиесі – баланың қоршаған орта мен нақты дүниелерді танып-білуінің бірден-бір сенімді құралы. Бастауыш сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің негіздері жан-жақты талданып, іске асыру тетіктерінің реттілігін жинақтап көрсету үшін модельдеу қажет. Мектеп, оқушы, педагогтар мен ата-аналар арасындағы байланыс қоғам мен заман талабына сай өзгеріп, жаңалықтар енгізіліп отырады. Сондықтан оқу-тәрбие үдерісінде еңбексүйгіштік қасиеттердің маңызы мен мәнін көрсететін модель құру өте күрделі. Автор этнопедагогикалық негізде бастауыш сынып оқушыларының еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға негізделген модель ұсынады.

Түйін сөздер: еңбек тәрбиесі, этнопедагогика, этностық тәрбие, еңбекқорлық.

Kulbaeva B.S.

**Model of diligence upbringing on
the basis of ethnopedagogics for
pupils of elementary grades**

The article analyses the questions of ethnic-pedagogic in the process of raising the consciousness of the younger generation, where the link is the labor experience accumulated by generations in communion to work, to social activities. Labor education is the only reliable tool of knowledge and specific concepts acquiring by child from the environment. There is a need for modeling the increasing interest in labor activities, that considers the foundations of comprehensive development in younger schoolchildren. The relationship between school, pupil, teachers and parents varies depending on the time and society, introduced innovations. It is therefore very difficult to show a model that identifies the significance and importance of the qualities of diligence. The author proposes a model aimed at the formation of diligence qualities in the pupil on the basis of ethnic-pedagogics.

Key words: labor upbringing, diligence, labor activity, the introduction to the work, ethnic-pedagogic.

Кульбаева Б.С.

**Модель воспитания
трудолюбия у учащихся
младших классов на основе
этнопедагогики**

В статье рассматриваются вопросы этнопедагогики в процессе воспитания сознания подрастающего поколения, где связующим звеном является опыт труда, накопленный поколениями в приобщении к труду, к общественной деятельности. Трудовое воспитание – единственное верное средство познания ребенком окружающей среды и определенных понятий. Возникает необходимость моделирования для повышения интереса к трудовой деятельности, где рассматриваются основы всестороннего воспитания у учащихся младших классов. Взаимосвязь между школой, учеником, педагогами и родителями меняется в зависимости от времени и общества, внедряются новшества. Поэтому очень сложно показать такую модель, которая выявляет значимость и важность качеств трудолюбия. Автор предлагает модель, направленную на формирование качеств трудолюбия ученика на основе этнопедагогики.

Ключевые слова: трудовое воспитание, этно-педагогика, этническое воспитание, трудолюбие.

ЭТНОПЕДАГО- ГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЕҢБЕКСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ МОДЕЛІ

Кіріспе

XXI ғасыр – өркениеттің дамыған сатысы. Жаңа өркениетте өмір сүру адамдардың қарым-қатынасын, құндылық негіздерін, адамзат тіршілігінің сипатын өзгертуге септігін тигізуде. Жаһандану қарқынды жүріп жатқан заманда ел азаматын тәрбиелеуде ұлтымыздың атадан балаға мирас болып қалған ұлттық құндылықтарының маңыздылығын алдыңғы қатарға қойып, отбасы мен мектептегі тәрбие үрдісін қайта жандандыру қажеттілігі туындап отыр.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «...ұлттық білім беру мен тәрбиені дамытудың болашағы, жаңашылдық тұрғыдан қарастырылған тұжырымдамалық идеясы, саяси-экономикалық, әлеуметтік идеологиясының негізі десек, еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде ұрпақты тәрбиелеуге, олардың шығармашылық жұмысы мен кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігін атап көрсетті [1].

Мұндағы басты мақсат – халықтарға тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлері арқылы оқушыны жастайынан еңбекке тәрбиелеу. Еңбек тәрбиесі – баланың қоршаған орта мен нақты дүниелерді танып-білуінің бірден-бір сенімді құралы. Өйткені бүкіл қоғамдағы адамның жеке өміріндегі барлық материалдық игіліктер мен рухани құндылықтар еңбек арқылы ғана меңгерілетіні сөзсіз. Себебі ұрпақ тәрбиесінде еңбекке тәрбиелеудің тарихы, жалпы адамзаттың, сондай-ақ, әр ұлттың қалыптасу тарихымен байланысты.

Қай заманда да адамзат баласының алдындағы ең басты мақсаттың негізгісі – өзінің ісін, өмірін, ұрпағын жалғастыратын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – ұлттық педагогиканың өзекті мәселесі. Тәрбиенің негізі қоғамнан тыс оқшау тұрған құбылыс емес, ол қоғамның бағыт-бағдарымен, тыныс-тіршілігімен байланысты жүреді. Қазіргі тәрбиенің мақсаты – ұрпақ бойында адамгершілік сапалары үйлесімді дамыған, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігі қалыптасқан, қолынан іс келетін, шебер, іскер азамат тәрбиелеу. Мұндай тәрбиенің мақсаты нақты міндеттерден тұрады.

Олай болса, этнопедагогикадағы еңбек тәрбиесінің басты мұраты – халықтардың ғасырдан ғасырға жинақталған еңбек тәжірибесін өткенімен сабақтастырып, байланыстырып, ұрпақ санасына сіңіру, ал жеткіншек жастан еңбекке, қоғамдағы өмірге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу негізгі мақсат болып саналады. Бұл төмендегідей этнопедагогикалық міндеттер арқылы жүзеге асады:

– оқушылардың еңбекті рухани құндылық негізінде қабылдауы;

– еңбек арқылы іс-әрекет дағдысын қалыптастыру;

– адам өмірінде еңбекті тіршіліктің қазынасы ретінде сезіндіру;

– оқушылардың еңбектену іскерлігі мен санасын реттеу;

– еңбек арқылы адами өзіндік жеке-дербестік пен шығармашылық-іскерлік ынтаны тәрбиелеу.

Бастауыш мектеп оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеу проблемасын этнопедагогикалық бастауға бұрып және оның жаңаша жолдарын қарастырудың көкейкестілігін негіздеу жаһандануға бет бұрған мемлекетіміз үшін маңызды болмақ.

Негізгі бөлім

Біздің зерттеу тақырыбымыз бастауыш сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеу және оның моделін құрастыру болғандықтан, осы жастағы балаларды жас кезінен еңбекке тәрбиелеудің маңызын қарастырамыз. Жалпы, білім мен тәрбиенің бастауы бастауыштан басталатыны сөзсіз. Баласын 6 айдан кейінгі еңбектеуден осы еңбекке ұмтылудың ұлы жолына балаған халықтың тәрбиесі – жас ерекшеліктеріне байланысты дамып отыруын қамтамасыз ету – өмір сұранысы.

Бастауыш сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеу негіздерін айқындап, оны жинақтау үшін модельдеу қажеттігі туындайды.

Соңғы жылдары педагогика ғылымында осы модельдеу әдісі қолданылып келеді. Модельдеу – құрылым мен құбылысты нақты талдау үшін мазмұны мен мәтінін өзгертпей, ықшамдау. Модель ұғымына талдау жасайтын болсақ: «Модель» термині латынның «modules» сөзінен шыққан, ол өлшем, әдіс, бейне деген ұғымдарды білдіреді [2, 178 б.].

Орысша-қазақша сөздікте «Модель» – үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымды білдіреді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Модель» – бір нәрсенің үлгі макеті.

Философиялық сөздікте «Модель» – зерттеу үшін арнайы жасалынған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту. Мо-

дельдердің артықшылығы – олардың қолайлылығы, шапшаңдығы және зерттеуге кететін шығынның аздығы [3, 152 б.].

Психологиялық сөздікте «Модель» оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: біріншісі оқу үдерісіндегі білімді меңгеру болса, екіншісі оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады [4, 134 б.].

Модель, модельдеу – зерттеу жұмысының құралы, бұл салада үнемі әр түрлі әдісте өсіп қолданылу жолдары дамып отырады. Жалпы, модельдеу технологиясында тәрбие жүйесін нұсқаға түсіріп, модель жасау 70-80 жылдардағы (А.В. Мудрик) зерттеулерден басталса, соңғы жылдары қазақ этнопедагогикасының логикалық-құрылымдық моделін жасау (К.Ж. Қожахметова), жеке тұлғаның тәрбие арқылы құндылықтық бағдарын қалыптастыруды модельдеу (Г.К. Нұрғалиева, т.б.), рухани-адамгершілік құндылықтар мен еңбек тәрбиесін модельдеу, т.б. (А.К. Қаплиева, Қ. Шалғынбаева, т.б) зерттеушілер айналысқан. Осы ғалымдар мен зерттеушілердің модельдеуге қатысты еңбектері оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу жүйесін модельдеуге көмектеседі. Ол үшін модельге қатысты өлшем керек. Бұл – белгілі жұмысты жинақтау, жүйелі көзқарас біртұтастығын жүзеге асыру және оқу-тәрбие кешенінің негізгі жолдарын, білім беру принциптерін (білімділік, тәрбиелік, дамытушылық) анықтау.

Модельдеу үдерісінде еңбексүйгіштік қасиеттердің маңызы мен мәнін көрсететін модель құру өте күрделі. Өйткені мектеп, оқушы, педагогтар мен ата-аналар арасындағы байланыс қоғам мен заман талабына сай өзгеріп, жаңалықтар енгізіліп отырады. Жалпы, педагогикада модельдеудің бірнеше түрі бар.

Бастауыш сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеу негіздерін жан-жақты қарастырып, іске асыру тетіктерінің реттілігін жинақтап көрсету үшін модельдеудің қажеттігі туындайды.

Осы модельді оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру жолдары және оның әдістемесі дербес қарастырылады.

Этнопедагогикалық негізде еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің құрылымдық мәнін төмендегіше қарастырамыз: мақсаты – еңбекті құндылық ретінде, өмір сүру шарты ретінде, өмір көзі ретінде, өмір сүру тәсілі ретінде, өмірді ұзарту құралы ретінде, еңбек құралын мұра ретінде қабылдауға тәрбиелеу. Аталған мақсатқа сай төмендегіше міндеттер бастауыш сынып оқушыларын этнопедагогикалық негізде еңбексүйгіштікке тәрбиелеуді басшылыққа алады:

– еңбектің мәнін түсіндіру; еңбектің дәстүрлі түрлерін (ұсталық, тері илеуші, қойшы, жылқышы, етікші, диқаншы, емші, т.б.) құндылық, ата кәсіп, мұра ретінде қабылдауға тәрбиелеу; еңбектің ұлттық түрін өнер деп қабылдауға тәрбиелеу (қолөнерші, сүйекші, оюшы, зергер, тігінші, кілем тоқушы, т.б.);


– күнделікті еңбек түрлеріне баулу арқылы еңбек дағыдыларын қалыптастыру; еңбекке, ең-

бек тәсілдеріне қызығушылық тудыру арқылы ата кәсіпке баулу;

– еңбектің сырын, құпиясын ашу арқылы шеберлігін ұштау, еңбекке ынтасын күшейту; төзімділікке, ұстамдылыққа, табандылыққа тәрбиелеу;

– еңбек өнімін алу арқылы қызығушылығы мен еңбексүйгіштігін қалыптастыру;

– әрбір еңбек түрін баулуда ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің сақталуын қадағалау;



1-сурет – Бастауыш сынып оқушыларын этнопедогогика негізінде еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің моделі

– еңбектің түріне байланысты оның қиыншылықтарын, қауіпті тұстарын, ұтымды тәсілдерін, үнемдеу жолдарын, құрал-саймандарды күту әдістерін, сақтау түрлерін, алдын ала болжау әдістерін үйрету арқылы еңбекке икемді, еңбектің ыңғайын білетін, еңбексүйгіш бала тәрбиелеу.

Кіші мектеп жасындағы балаларды этнопедагогикалық тұрғыдан еңбекті сүюге үйретудің негізгі ережесі (заңдары): шынайы өмір тәрбиесі заңы этностың өзін-өзі сақтау заңы болып табылады да, заңдылықтары еңбексүйгіштік тәрбиесі мақсатының, мазмұнының, құралдарының халықтың өзіндік болмысын сақтап қалу қажеттілігімен байланысты заңдылығы; еңбексүйгіштік тәрбиенің этностың шынайы өмірінің синкреттілігімен, өзгермелілігімен, бірсарындылығымен байланысты заңдылығы деп қарастырылады.

Аталмыш заңдар мен заңдылықтар негізінде ғылыми ұстанымдары: мәденилік, табиғилық, бірзділік, халықтық (этностық), өмірмен байланыс, сабақтастық, аксиологиялық болып іріктеледі. Еңбексүйгіштік қасиеттер өзіне тән «сегіз қырлы, бір сырлы», «өнерлі өрге жүзеді», «еңбек етсең, емерсің», «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», т.б. халықтық қағидаларға негізделген.

Этнопедагогикалық негізде еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мазмұны еңбектің белгілі түрлері туралы білімді құрайды: оқушылардың жас, жыныстық ерекшеліктеріне байланысты нақты еңбек түріне сәйкес икем-дағдылары қалыптасатын тапсырмалар мен жаттығуларды дайындау.

Еңбекке қатысты салттар мен дәстүрлер ұлттық ұғымдар мен наным-сенімдерді, дәстүрлі еңбек түрлерін меңгеру құралдары ретінде қарастырылады. Этнопедагогикалық негізде еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің ұлттық дәстүрлі еңбек түрлерін меңгерту, ұғындыру, үлгі-өнеге, жарыс, жаттығу, мадақтау, жазалау сияқты еңбектің түріне сәйкес түрлі әдіс-амалдарын меңгерту әдістері ұсынылады.

Ұлттық ерекшеліктерге сай еңбек түрлері: егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы, өнерге негізделген еңбек, қолөнер, дене және ой еңбегі, т.б. түрлерінен кіші мектеп жасындағы балалар хабардар болады.

Ғылыми болжамды дәлелдейтін ақырғы нәтиже «этнопедагогикалық негізде еңбексүйгіштікке тәрбиеленген бастауыш сыныптың түлегі» болып бейнеленеді.

Модельдеу нәтижесінде төмендегідей дағдылар қалыптасуға негіз болады:

– еңбекті рухани құндылық негізінде қабылдайды.

– еңбек етуге деген өзіндік сапа мен әрекет қалыптасады;

– еңбек етуге деген қабілеті оянып, ұмтылысы пайда болады;

– еңбек етуде істеген ісінің нәтижесін көруге ұмтылады;

– еңбекті бағалау, еңбекті сыйлау, еңбекке деген құрмет көрсету қасиеті артады.

Бастауыш сынып оқушылары білуі тиіс: еңбекті, еңбек адамын қадірлеу, өнерді кәсіппен байланыстыруды үйрену, еңбекке машықтану, дағдылану, үлгі болу, өнеге көрсету, көмектесу, т.б.; қастерлеуі тиіс: халық тағылымын, ұлттық өнерін, еңбек ардагерлері мен тұлғаларды, еңбек құралдарын, еңбек орындарын, еңбек туындыларын, т.б.; аулақ болуы тиіс: өз ұлттын менсінбеушіліктен, жалқаулық пен еріншектіктен, еңбектен бас тартудан, еңбек адамын төмендетуден, т.б.

Осы модельді іске асыру жолдары оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асады. Еңбек тәрбиесінің құрылымдық мәнін теориялық тұрғыда ашқанымыз модельдеу жүйесі арқылы бастауыш сынып оқушыларының еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға және этнопедагогикалық негіздерге сүйене отырып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің үш қырын төмендегіше ашуға мүмкіншілік береді.

Еңбексүйгіштікке қол жеткізетін жақсы сапалардың бірі, бірінші өлшем – қызығушылық. Бұл – жеке тұлғаның еңбекке деген ықыласы. Бұл бейімділіктен немесе кейде нәтижеге деген сұраныстан да пайда болуы мүмкін. Жеке немесе ортақ қуанышқа қол жеткізуге деген ниет адамды өз еркімен қиындықпен күресуге, яғни еңбек етуге итермелейді. Бала кезінде сәтсіздікпен бұрыс жасау, бүлдіріп алудың өзі аса қорқыныш болып көрінбейді. Себебі балалар өз жасындағылардың меңгермеген ісін меңгеру барысында қателесудің қажетті екендігінің байыбына бара бермейді. Қателесе отырып, қайта жасау – кіші мектеп жасындағы балалар үшін қызық. Сондықтан түсінбей қате орындау балаларды жасытпайды, керісінше қызықтыра түседі. Еңбекке үйретіп отырған, үйреніп отырған адамдар арасында өзін еңбеккер ретінде ұстауға қызығады.

Олай болса, бастауыш сынып жасындағы балалардың қызығушылығы, ынтасы, қарым-қатынасы: адамдардың еңбекке деген қатынасын, еңбек адамдарына деген қарым-қатынасын, еңбек туралы халық даналығын білуден, еңбекпен аты шыққан тұлғаларды білуден; еңбектің мәнін, бағасы мен құнын білуден; еңбек адамдарының еңбегінің нәтижесін (жеке адамдардың қолынан шыққан бұйымдар мен заттарға, оның қоғамдағы абыройына) құрметтеуден.

Өз еңбегіне қарым-қатынасы:

– өз жасындағы балалардың еңбектегі нәтижелерін салыстырудан;

– еңбекке деген ұмтылысы мен белсенділігінен;
– қиындықтар мен кедергілерді жеңуде ұстамдылығынан байқалады.

Ұлттық тағылым – қазақ халқының ұрпағын еңбекті сүйеге тәрбиелеуде басты өлшемдердің бірі. Себебі қазіргі ұрпақ еліміз егемендік алғалы өз ұлтының ерекшеліктері мен мәдениетін құрметтеуге ықыласты. Сонымен қатар, ата-аналарының да өздері меңгермеген, білмеген ұлттық құндылықтарды балаларының білуі үшін сұранысы бар. Ғасырлардан ғасырларға жалғасқан ұрпақтар сабақтастығының үзіліп қалмауын, бабалар үлгісінің балалардың игі ісіне айналуын қалайды. Мектептегі педагогтар да соңғы жылдары оқу-тәрбие үдерісін этнопедагогикалық негіздерге сай шығармашылықпен жоспарлап, өткізіп жүргендері рас. Біздің дайындаған бағдарламаларымыз да сондықтан болар өте ықыласпенен қабылданды.

Сонымен, ұлттық тағылым арқылы еңбексүйгіштікке даярланудың көрсеткіштері – білімі, білігі:

- еңбексүйгіштік туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерін меңгеру;
- аңыз-ертегілерден халық батырларының еңбекқорлық үлгісін алу;
- қазақ халқының тұрмыстық өнері мен шаруашылығына сай, еңбек түрлерін құрметтеу;
- еңбекті сүйеге байланысты ырым-тыйымдарды білу;
- ұлттық өнерге қатысты өздері жасаған бұйымдарының қажеттілігін біліп, көпшілік назарына ұсына білу.

Еңбексүйгіштікке танымдық, ұлттық тағылымнан кейінгі қол жеткізетін сапа, үшінші өлшем – тәртіптілік. Тәртіптілік – қоғамның да, адамның да мақсат пен мүддеге жетерде сақталуға тиісті заңдар мен ережелерді, қоғамдық ұстанымдарды орындауда қиын талапқа көндігу және оны дағдыға айналдыру сияқты мінез-құлқының биік өлшемі. Тәртіптілік өлшемі аясында ашылатын көрсеткіштер: меңгеруі, жасауы:

- жұмыс талабын, ережелерді орындауы;
- халықтық дәстүрлердің еңбек түрлерін меңгеруі;
- істі аяғына дейін жеткізуі;
- өзіне қызмет ете алуы;
- атадан балаға жалғасып келе жатқан ата кәсіпті меңгеруге талпынысы.

Қоғамдық тұрғыда тағайындалған ережелердің жеке міндеттерді орындауда өзіндік бастамамен сәйкестілігіне орай, баланың ішкі сұранысы арқылы әрекетінен байқалады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып оқушыларының еңбексүйгіштік қасиеттерін этнопедагогикалық негізде қалыптастыру үшін «Бастауыш сынып оқушыларын еңбексүйгіштікке тәрбиелеу» атты әдістемелік оқу-құралын, мұғалімдерге арналған «Бастауыш сынып оқушыларын этнопедагогикалық негізде еңбексүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбындағы арнайы курсы және «Еңбек және ұлттық тағылым» атты факультативтік курсы дайындап, қолданысқа енгізу сияқты бірқатар шараларды жүзеге асыру қажет.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. – 176 б.
- 2 Рейн Ф. История педагогики /под ред. Н.А. Константинова, Е.И. Медынского, М.Ф. Шабаева. – М.: Просвещение, 1982. – 447 с.
- 3 Қазақтың педагогикалық энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 185 б.
- 4 Мир философии. Ч. 1,2. – М.: Политиздат, 1991. – 543 с.
- 5 Қожахметова К.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. – Алматы: Қайнар, 1993. – 151 б.
- 6 Каплиева А.К. Балалардың салауатты өмір сүру дағдыларын рухани-адамгершілік негізінде қалыптастыру: пед. ғыл. канд. автореф. 13.00.01. – Алматы, 2003. – 25 б.
- 7 Шалғынбаева Қ. Қазақ халық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі: пед. ғыл. доктор. диссер. – Алматы, 2006. – 269 б.

References

- 1 N.A.Nazarbayev. All the prosperity of Kazakhstan people's, increasing the safety and well-being: Addressed of the President of the country. – Almaty: Bilim, 1997y – p.176
- 2 Reyn F. The history of pedagogy Done by N.A.Konstantinova, E.I.Medinskogo, M.F.Shabayeva. – M:Education, 1982y – p.447
- 3 Kazakh Education Encyclopedic Dictionary. – Almaty, the cabinet of national print, 1995y –p.185
- 4 The World of philosophi. Ch.1-2– M:The Politizdat, 1991y, p.543
- 5 Kozhahmetova K.Zh. People in some scientific and educational research theoretical issues.
- 6 Kaplieva A.K. The healthy life skills based on the spiritual and Moral formation of children, Almaty:Kainar, 1993y, p.151
- 7 Shalgybayeva K. Kazakh national pedagogy of labor. – Almaty, 2006y. – p.269